

Әуликөл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 ақпандағы № 47 "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 218 қаулысы

Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әуликөл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 ақпандағы № 47 "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

15 тармақ 13), 14), 15), 16) тармақшалармен келесі мазмұнда толықтырылсын:

13) халыққа арналған спорт секцияларының жұмысын қамтамасыз ету және спорттық іс шараларды өткізу мақсатында сабақтан тыс және кешкі уақытта спорт ғимараттарын білім беру ұйымдарын пайдалану жөнінде шаралар қабылдайды;

14) бюджет қаражатының көлемі шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын қаржыландыруға арналған мемлекеттік спорттық тапсырысты бекітеді;

15) мемлекеттік спорттық тапсырысты балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық Тапсырыс қызметтерін жеткізушілердің меншік нысанына, олардың ведомстволық бағыныстылығына, түрлері мен түрлеріне қарамастан орналастыруды қамтамасыз етеді;

16) мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастырудың, сапаны бақылаудың және нысаналы игерудің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда орындалуын қамтамасыз етеді.

2. Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жоғарыда көрсетілген Ережеге енгізілген өзгерістер туралы әділет органдарын хабардар ету;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыру.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 22 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Әуликөл ауданының әкімі

Ж. Таукенов